

FTAMP 14.01.11

<https://doi.org/10.26577/EJPh2025197117>**Ф.Ш. Оразбаева** , **Ж.Н. Кумисбекова*** 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: kumiszh@mail.ru

**ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВА:
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰСТАНЫМЫ**

Мақалада оқу-білім жүйесінің сапасын арттыруды мақсат еткен ғалым-педагог, филология ғылымдарының докторы Алма Қыраубаева ұсынған ұлттық мектептің моделі мен оның басты ұстанымдары сөз болады. Ұстаздың авторлық бағдарламасы, оны енгізудің амал-тәсілдері мен нәтижесі «Сенім» бағдарламасы негізінде қарастырылады. Оқу үдерісінде апробациядан өткен Гуманитарлық Қазақ мәдениеті мектеп-лицейінің жұмыс жүйесі, инновациялық өзгешелігі білім берудегі үздік тәжірибелерді зерттеуге, саралауға, озық үлгілерді тиімді қолдануға ой тастайды. Сондай ақ Алма Қыраубаева мектебінің инновациялық қызмет моделі де қарастырылған.

Ғалым-педагог Алма Қыраубаева білім мазмұнына сай ұлттық мектептің ерекшелігін, ондағы оқу барысының жетістіктерін, оқушылардың ұтымды білім алуын психологиялық тұрғыдан ынта, жігер, белсенділік қасиеттермен бірлестікте дәйектейді. Ғалым-педагог Алма Мүтәліпқызы ұсынған қазақ ұлттық мектебі жаңа идеяға толы, әдістемелік және дидактикалық жағынан іргетасы берік педагогикалық ұстаным болып табылады. Ол қазақы құбылысты қалыптастыру мақсатында тарихи өзгерістерді, ұлттық құндылықтарды, ұлттық тіліміз бен ұлттық ділімізді бойына сіңіре алатын ұрпақ тәрбиелеу мәселесін көтере келіп, рухани болмысы бай, интеллектуал ұлт өкілін қалыптастыруды көздейді. Ғалым-ұстаз ұлттық мектепті дамыту жолдарын педагогикалық үдеріске негіздей отырып, инновациялық технологиялардың міндеті мен маңызын атап өтеді.

Түйін сөздер: жаңа мектеп, «Сенім» бағдарламасы, ұлттық мектеп моделі, авторлық бағдарлама, қазақы құбылыс.

F.Sh. Orazbayeva, Zh.N. Kumisbekova*

Kazakh National Pedagogical University named after Abaya, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: kumiszh@mail.ru

**Professor Alma Kyraubayeva:
the principle national values**

The article examines the model of the national school and its basic principles proposed by Alma Kyraubayeva, a scientist and teacher, Doctor of Philology, whose goal is to improve the quality of the educational system. The author's program of the teacher, methods and results of its implementation are considered on the basis of the Senim program. The system of work, the innovative specifics of the Humanitarian School-Lyceum of Kazakh culture, which has been tested in the educational process, involves the study of best practices in education, the effective use of advanced models.

Alma Kyraubayeva emphasizes the specifics of the national school in accordance with the content of education, achievements in the educational process, effective acquisition of knowledge by students in the unity of diligence, will and activity from a psychological point of view. The Kazakh National School, presented by the scientist-teacher Alma Mutalipkyzy, is full of new ideas, methodological and didactic principles. The Kazakh National School is designed to raise issues of educating a generation capable of absorbing historical changes, national values, national language and national identity in order to form a Kazakh mentality, form a representative of an intellectual nation with a rich spiritual essence. The scientist is a teacher, justifying the ways of development of the national school in the pedagogical process, emphasizing the tasks and importance of innovative technologies.

Keywords: national school, "Senim" program, national school model, author's program, Kazakh phenomenon.

Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Н. Кумисбекова*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
e-mail: kumisz@mail.ru

**Профессор Алма Қыраубаева:
принцип национальных ценностей**

В статье рассматривается модель национальной школы и ее основные принципы, предложенные ученым-педагогом, доктором филологических наук Алмой Қыраубаевой, целью которой является повышение качества учебно-образовательной системы. Авторская программа педагога, способы и результаты ее внедрения рассматриваются на основе программы «Сенім». Система работы, инновационная специфика Гуманитарной школы-лицея казахской культуры, прошедшей апробацию в учебном процессе, предполагает изучение лучших практик в образовании, эффективное использование передовых моделей. Также рассмотрена инновационная модель обслуживания школы Алматы Қыраубаевой.

Алма Қыраубаева подчеркивает специфику национальной школы в соответствии с содержанием образования, достижения в учебном процессе, эффективное получение знаний учащимися в единстве усердия, воли и активности с психологической точки зрения. Казахская национальная школа, представленная ученым-педагогом Алмой Муталипқызы, полна новых идей, методических и дидактических принципов. Казахская национальная школа призвана поднимать вопросы воспитания поколения, способного впитать в себя исторические перемены, национальные ценности, национальный язык и национальное самосознание в целях формирования казахского менталитета, формирования представителя интеллектуальной нации, обладающего богатой духовной сущностью. Ученый-педагог, обосновывая пути развития национальной школы в педагогическом процессе, акцентируя задачи и значение инновационных технологий.

Ключевые слова: национальная школа, программа «Сенім», модель национальной школы, авторская программа, казахский феномен.

Кіріспе

Ұлтты сақтау, ұлттық тіліміз бен ділімізді өрістету жолында рухани жан дүниесі таза, тәрбие тамырын ғасырлар қойнауынан алатын құндылықтарды білім беру жүйесіне негіз етіп алу – қай кез болмасын ұстаз алдында тұрған міндет. Еліміздің болашағы үшін оқу-білімнің, мәдениеттің, әдебиеттің және басқа да салалардың өркендеуіне үлес қосып келген ұлт зиялылары білім беру саласына айырықша баса назар аударды. Осы бағытта қазақ балалары үшін болашағымыздың кепілі сапалы білім мен саналы ұрпақ екендігі туралы оқу мен білімді сабақтастыра отырып, тың жол іздеген, оны тәжірибе жүзінде іске асыруға бел буған белгілі ұстаз – филология ғылымдарының докторы, ғалым-педагог Алма Қыраубаева (Қыраубаева, 1999).

Жоғары оқу орнында оқытушылық қызмет атқарып жүрген кезден бастап білім алушылардың жан дүниесін зерттей, зерделей отырып, білім мен ғылым ісінде нағыз өз ісінің маманы болуды көздейтін педагог әр студентке педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетіп, дара тұлғаның өзіндік болмысын зерделеп, оның бойындағы дарыны мен қабілетін ашуға ерекше мән берген. Ол тұлғаның білімді игеру қабілетінің мектеп кезінен қалыптасатынын, білім мен ғылымға бейімделу мәселесі ерте

балалық шақтан басталатынын айтқан. Уақыт талабын ескере отырып, оқытушы Алма Қыраубаева педагогикалық жұмыс барысында мектептерге өзгеріс ендіру керектігін, ұлттық құндылыққа негізделген мектептердің қажеттілігін студенттерді практикалық тәжірибеге апарған шақта-ақ мәселе етіп көтерген. Ғалым С.Мақыпұлы «Ұлттық мектептер ашу ендігі жас буынды ұзақ жылдар тоталитарлық қоғам идеологиясынан туындаған, ұлттық үдерістен ада, қасаң тәрбие қыспағынан құтқарудың жанкешті, қиын, бірақ бірден-бір амалы екеніне Алманың ертерек көзі жетіп, сенімі қалыптасып еді» дей келе, ғалым мектебінің қоғамдағы орны мен маңызына тоқталып, бұл істі жалғастыру қажет екенін айтады (Мақыпұров, 2012: 269).

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының: «Елді түзетуді әуелі бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» (Байтұрсынұлы, 2001) деген пікірін ғылыми-теориялық тұрғысынан дәйектеген ғалым-педагог Алма Қыраубаева мектеп ашпас бұрын Алматы облысының мұғалімдерінің біліктілігін арттыру институтының дәріскері болған. Мектепке қатысты ғылыми зерттеулерге, сараптамалық жұмыстарға қатысып, озық үлгідегі сабақтармен танысқан.

Көптеген ой-пікірлерді жинақтап, зерделеген ғалым осы кезеңде «Жаным садаға» атты ең-

бегін жарыққа шығарды. Онда ұлттық мектептің ең қажетті мәселелері, әлемдік деңгейдегі педагогикалық бағыттар мен ізденістер, ұстаз бен шәкірт арасындағы адамдық қарым-қатынастар, оқушы жанын жараламай оқытудың жолдары туралы айтылады. Бұл – ұстаздық қызметтің педагогикалық, психологиялық, әдістемелік қырларын ашатын, тәжірибе барысындағы құнды тоқтамдармен толықтырылған, әрбір мұғалімнің үстелінен табылауға лайықты педагогикалық еңбек. Педагогтың: «Кісіменен қарым-қатынас мәдениетін отбасында сіңіре алмаған балаға мектепте де, тұлға болып қалыптасқанда да алдына қойған мақсатына жету қиын. Ондай баланы мұғалімі өте сезімталдықпен жетелеуі қажет. Сүйкімсіз баладан, ертеңгі күні айналасына қадірсіз адам шығуы мүмкін» (Қыраубаева, 2011) деген пікірі бала тағдырына жете мән беру керектігін айғақтайды. Оқушының болашақ мектебіндегі мұғаліммен, достарымен, ата-анасымен, жалпы қоршаған ортамен қарым-қатынасы адамгершілік тәрбиесінің негізі болып табылады. Баланы ойландыру, қызықтыру арқылы жүрегіне жол таба біліп, оның мәдениет деңгейін өсіру керек. Ол сонда ғана өзін-өзі игере алатын дәрежеге жетеді деген тәрізді ғалымның пікірі бүгінгі күні де өзекті.

Жоғары оқу орнының тәжірибесін білім беру мекемелерінің ісімен байланыстыра қарастырған ғалым бүгінгі студенттің болашағы оның мектептен бастау алған оқу-тәрбие сапасының жалғасы екеніне басты назар аударады. Осы орайда мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, профессор Алма Қыраубаева білім сабақтастығына қатысты ұлттық мектептің жаңа жобасын ұсынады. Ғалым-ұстаз ашқан жоба – қазақ педагогикасы тарихында жаңаша білім беруге, мектеп ісін тың бағытта дамытуға, оқу-білім жүйесін ұлттық идеяға негіздеуге, пәнді оқыту барысында ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіруге ықпал еткен іргелі мәдени жоба. Бұл осы уақытқа дейін баламасы болмаған авторлық мектеп моделі болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі уақытта мемлекеттің, халықтың ерекшелігін бүкіл әлемге танытатын сол елдің білімі мен ғылымы десек, ал оның негізі сол елдің білім беру саласында, мектебінде екендігі баршамызға мәлім. Профессор-педагог егеменді еліміздің іргесі берік мемлекет болып қалыптасуының негізі сапалы да саналы білім бере отырып, тәрбие-

лі ұрпақ қалыптастыру екендігін, сондай-ақ интеллектуал ұрпақ өсіру үшін оқу жүйесін дұрыс жолға қою керектігін жақсы түсінді.

Қазіргі кезде мектеп мұғалімдерінен кітапхана сөрелерінде тұрған «капиталистік елдердегі оқыту теориясының реакциялық бағытын» дәлелдейтін кітаптарды былай қойғанда, М. Жұмабаевтың «Педагогикасы» (Жұмабаев, 2022), Ж. Аймауытовтың «Жан жүйесі және өнерді таңдау» (Аймауытов, 1926), М. Монтессори (Montessori, 2012) мен Штейнердің (Steiner, 1919) еңбектерін оқуды, сондай ақ халықтық тәрбие мен баланың жан дүниесін зерттеуді, зерделеуді талап етуге болады. Ғалымның «Жаным садаға» еңбегінде «Мағжан мен Монтессори» бөлімінде бүкіл дүниені мойындатқан Р. Штейнер (Steiner, 1919) мен М. Монтессори тәрбиесі ұлы гуманизмге негізделген. Ал қазақы құбылысты тәрбиелеуде М. Жұмабаевтың «Педагогикасы» адамшылықтың үлгісі деуге болады. Аталған кітапты сезімтал, бала жүрегіне жол табатын адамгершілік педагогикасы деп айтуға болады.

Осы орайда ұлттық тәрбие ерекшеліктеріне басымдылық берген, тұлға тәрбиесін оқушының жан-дүниесіне бағыттаған, дене мәдениетімен байланыстырған ғалым өз мектебінің теориялық негіздерін жасау барысында психологиялық аспектілерге басты назар аударады. Сонымен қатар сабақ барысында оқушының қабілетін, дарындылығын ашу мақсатында зерттеу мәселесіне мән беріп, осы бағытта авторлық әдістер мен сауалнама, кестелер ұсынады.

Ғалым-педагог бағдарламасында ұрпақ тәрбиесінің мына салаларына көп көңіл бөлінген. Олар: еңбекке баулу, жауапкершілікке үйрету, баланың ой-қиялын шарықтатуға үйрету, ұлттық құндылықты бағалауға, ұлттық тіліміз бен ділімізді сақтауға, оны сауатты меңгеруге баулу және өз-өзіне деген сенімділіктің артуы. Осындай ұстанымдарға негізделген білім алу ошағында тәрбиеленген мектеп түлегі әлем сахнасында «Қазақ құбылысы» болып шығуы керек дейді ғалым-педагог.

Әдебиеттерге шолу

Алма Қыраубаева ұлттық мектеп ашудағы инновациялық жаңашылдықты Д. Дьюидің (Dewey, 1907) «бала-күн» идеясымен үйлестіре дамытады. Бүкіл идея: барлық қоғам ұрпақ үшін, ал мектеп бала үшін жұмыс жасауы керек деген принципке сүйенеді. Ғалым ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас «субъект-суб-


ъект» тұрғысынан ынтымақтаса жүргізілетін дара тұлға тәрбиелеу ұстанымына бағытталады деп есептейді. Осының негізінде бала кез-келген ортада өмірден өз орнын тауып, адамгершілігі қалыптасқан, ақыл-ой мәдениеті жоғары, рухани бай, ұлттық құндылықтарды игерген ұрпақ болып өседі. Мұндай бағыт-бағдарлар ұлттық кодқа негізделген ұғымдар мен категориялардан бастау алатыны белгілі. Сондай бастаулардың бірі – білім мазмұнын қамтыған қазыналы қазақ тілі. Ұлттық тілде халқымыздың бай мұрасы, бейнелі мән-мағынасы, ақыл-өсиеті, шешендік өнері сақталған. «Қазақтың атадан балаға аманат етіп қалдыратын екі қазынасы бар. Біріншісі – байтақ жеріміз, екіншісі – бай ұлттық тіліміз» дейді ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы. Осы орайда педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф. Оразбаева «Ұлттық мектеп арқылы ұлттық құндылықтарды сақтағымыз келсе, педагог-ұс-

таз Алма Қыраубаева ұсынған «Қазақ құбылысын» жүзеге асыруымыз – алдағы күннің міндеті болып отыр» деп өз пікірін білдірген болатын (Оразбаева, 2023).

Нәтижелер мен талқылау

Профессор, филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті филология факультетінің доценті Алма Мүтәліпқызы ұлттық мектептің Тұжырымдамасын жазып, жекеменшік «Гуманитарлық Қазақ мәдениеті мектебін» 1993-1996 жылдары апробациядан өткізіп, алғашқы жылдары 1,2,6,7,8 осы бес сыныппен оқу жылын бастады. Сол кезеңдегі ашылған жекеменшік мектептерден бұл оқу жүйесінің өзгешелігі – дәстүрлі білім берумен қатар инновациялық-жаңашылдық сипаттың басым болғандығы (1-кесте).

1-кесте – А. Қыраубаева мектебінің инновациялық қызмет моделі



Қазақ мектебінің ұлттық моделі туралы пікірін ғалым Алма Қыраубаева «Ұлттық мектептің үлгісін жасау ұлттық сана мен қазақи кісіліктің жан дүниесін қалыптастыру арқылы әлемдік өркениетке кірудің тұтас жүйесі деп білеміз» деп түсіндіреді. Аталған мектеп жұмысының бағдарламасы төмендегідей қағидаттарға негізделіп жүргізілген:

- тілдік негіз: тіл мәдениет пен мәдени құндылықтарды, дәстүрлерді тасымалдаушы құрал болғандықтан, тіл (әдебиет) арқылы білім меңгертуге ерекше көңіл бөлінеді;

- құндылықтар мен дәстүрлер: бағдарламада оқу-тәрбие процесі арқылы берілетін ұлттық мәдениет пен халықтық педагогика алаш зиялыларының ұлттық идеяларын, ағартушылардың озық ойларын қамтиды;

- ұлттық бірегейлік: білім мен тәрбие ұлттық бірегейлік пен еліміздің мәдени мұрасына деген мақтаныш сезімін нығайтуға бағытталады;

- заманауи әдістерді интеграциялау: инновациялық оқыту тиімділігін арттыру үшін пәнаралық байланыс, инновациялық педагогика жаңа технологияларды ұтымды қолдануға бағытталады.

Бұл мектеп-лицейдің құндылығы: ески авторитарлық педагогикадан шығып, баламен қарым-қатынастың адамшылық негізінде білім мен өмірді байланыстыра оқыту басты жолға қойылған. Сабақтың қалыптасқан түрлерімен бірге, лекция-диалог, лекция-практикалық дәрістер жүргізілген. Оқушылар тақырыпты толық түсінбесе, қайталау сабақтары орын алған. Егер ол кезде де түсінбесе, сабақтан кейін «жетілдіру сабақтары» өткізілген. Сабақта оқушылардың

жақсы іс-әрекеттерін мақтау, оларға қолдау көрсету жақсы нәтиже берген. Сонымен қатар «оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін дамытуға алуан түрлі жұмыстар жүргізілген» (Tondeur, Braak, Peggy, 2017). Қалыптастыру кезеңі үшке бөлінген:

1. Бірінші жыл – өз мүмкіндігіне сендіру кезеңі. Бұл кезеңде бағалар көтеріңкі қойылады.

2. Екінші жыл – күнделікті еңбек етуге дағдыландыру кезеңі. Баға оқушының еңбегіне қарай қойылады.

3. Үшінші кезең – жұмысты нақты нәтиже бойынша бағалау (Қыраубаева, Қасымбек, Мәтбек, 2020).

Мұғалім рейтинг бойынша жинаған балдарын апта сайын шығарып отырады. Бұл оқушылардың өз деңгейін біле алуына, оны жақсарту жолында дұрыс жұмыс жасауға негіз болды. Осындай кезеңдерден кейін оқушылар алғашқы кездегі салғырттықтан, жалқаулықтан арыла бастайды. Өз пікірлерін қорықпай, жалтақтамай еркін айтатын дәрежеге жеткен, қызығушылықтары да жоғары болған. Бұл деңгейге жеткізуге мұрындық болған – «Сенім» бағдарламасының әдіснамасы. «Бағдарлама әдіснамасының ерекшеліктері мынадай: бірінші, белсенді оқыту: ойын технологиясын, таңғалдыра оқыту техникасын, топтық талқылауларды, әңгімелесу әдісін ұтымды пайдалана алу қажет. Екінші, мәдени іс-шаралар: «Би мәдени» кештері, тақырыпқа қатысты қойылымдар, жеке шығармашылық және мерекелік кештер. Үшінші, зеттеуге баулу: әлемді зерттеу, табиғатты зерттеу, өздерін қызықтырған тақырып бойынша зерттеу жүргізу, іздену, жоба қорғау. Төртінші, практикалық қолданыс: практикалық-бейнелеу сабақтары, «Үшбу хат», «Сөйлеу мәдениеті» сағаттары, «Көшпелі сабақтар» немесе табиғаттағы ойқозғаулар» (Қасымбек, 2022).

Ғалым-педагогтың орта білім саласында ұлттық құндылық ұстанымдарын нақты дәйектеуі сабақ барысында инновациялық амалдардың тиімді жүзеге асуына себеп болды. Оны ғалымның еңбектерінен, журналистке берген сұхбаттарынан көруге болады. Мәселен, сол кезеңдегі жас ұрпақтың санасына улауға тырысқан түрлі дінді насихаттаушылар, кеңестік саясат салдарынан жастардың ұлт құндылықтарынан ажырап қалуы, қазақ тілінің мәртебесінің төмендігі, мектеп бағдарламасында әдебиет пен тарихқа қатысты рухани тетіктердің оқу жүйесінен тыс қалуына әкеліп соқты. Міне осы бағытта Алма Қыраубаева өзі ашқан мектепте инновациялық жұмысты ұйымдастыруда педагогикалық, ди-

дактикалық және психологиялық бағыттарды барынша қамтып, оқушыны тұлға ретінде дамытуға басымдық берді. Әлемдік өркениетке ұлттық болмыспен енетін тұлғаның өз елінің тілін, мәдениетін жақсы меңгеруді көздейтін мектеп атауын гуманитарлық қазақ мәдениеті деп атауы да инновациялық жобаның ерекшелігін танытады. Осы негізде ғалымның жұмыс бағыттарының инновациялық сипатын былайша түсіндіруге болады.

Қызмет түрі бойынша: педагогикалық, басқарушылық; өзгерістерді енгізу сипаты бойынша: комбинаторлық, модификациялық; өзгеріс енгізудің көлемі бойынша модульдік, жүйелілік деп анықтауға болады. Сондай ақ оларды концептуалдық идеялары негізінде мектепке жүйелі өзгерістер енгізуге бағытталған инновация мен жаңаша білім беру және оның құрылымын жасауға бағытталған инновация деп ажыратқан жөн. Осы аталған инновациялық бағыттарды инновациялық ұйымдастыру моделіне жатқызуға болады.

Ғалымның инновациялық іс-әрекет жасау шешімін төмендегідей аспектіде қарастыруға болады:

1. Педагогикалық ұстаным, яғни ЖОО мен орта мектепте білім беру ісін біртұтас үдеріс ретінде қарайтын кәсіби көзқарас деп есептеу;
2. Білім беру ісінің қоғамдық өзгерістерге қатынасын бағалау;
3. Елдің болашағына үн қосу, азаматтық жауапкершілікті қабылдау;
4. Уақыттық талабы бойынша педагогикалық инновация жасау қажеттілігін сезіну.

Аталған ұстаным түсініктер ғалымның реформалық қадам жасауына, тәрбие, білім беру және оқытудың теориясын байытып, тәжірибесін жетілдіруге ықпал етеді.

«Сенім» бағдарламасының мақсаты – баланың ұлттық санасы мен болмысын қалыптастыру, өркениет биігіне шығу, жасытпай оқыту, кембағалдықтан құтқару, мәдениетті меңгерту, сенімді азамат етіп шығару.

«Сенім» ұғымының мақсаты: шәкірттің мүмкіндігіне сену, шәкірттің өз мүмкіндігіне сенуі.

Шәкірт моделі:

- ұлттық сана мен болмысы қалыптасқан мәдениеттерді меңгерген;
- өзіне сенімді, еңбекке баулу, білім іздеудің жолын игерген;
- ортада өзін ұстауы, пікірін еркін айта алу қабілеті дамыған;
- қоғамдық ортаға құрмет сезімінде тәрбиеленген, адами қарам-қатынасты жоғары бағалайтын және сыйлайтын адам.

Аталған бағдарламаны іске асырудың алғышарттары – шәкіртпен кісілік демократиялық қарым-қатынас орнату, шәкірттің ынта-ықыласын дамыту арқылы оқыту, адамгершілік қасиеттерді дұрыс қарым-қатынасқа итермелейтін тетіктерді іске қосу.

Ғалым-педагог А.Қыраубаева мектебінің инновациялық идеяларын педагогика ғылымдарының докторы Ф.Оразбаева «Жастарды ұлттық рухани мұра негізінде тәрбиелеудің өзекті мәселелері» атты А.Қыраубаеваның 70 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференциясында оның білім саласына енгізген тың идеяларына тоқтала отырып, ғалым мұрасының маңыздылығын талдап көрсетті (Оразбаева, 2017). Атап айтар болсақ:

1. Үздіксіз білім беру жүйесі
2. Білім беру мазмұны мен құрылымы
3. Ұлттық мектеп моделі
4. Дидактикалық ұстанымдар
5. Интеллектуалды ұрпақ тәрбиесі
6. Оқыту үдерісін жақсартудың әдіснамасы
7. Оқу құралын түзетудің жаңаша үлгісі.

Ғалым А. Қыраубаева мектептегі білім беру ісі мен оқу мен оқыту процесіндегі мұғалімдер мен оқушылардың өзара ынтымақтастығын, әрекеттестігін іскерлік бағытта дамыту керек деген тұжырымға келеді. Үш жылға есептелген болжамды жұмыс нәтижесіне қол жеткізу үшін ғалым білім беру процесін, жұмыс бағыттары бойынша енгізілген инновациялық қадамдар-

дың бағалау критерийлерін нақтылайды, сараптайды.

Ю. Бабанский «Оқу процесін оңтайландыру теориясында» (Бабанский, 1989) біріншіден, жұмыс мазмұны, құрылымы және оның қызмет ету логикасы мемлекеттік оқу бағдарламаларының талаптарына сай болса, мектеп оқушыларын оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелерін тиімді және сапалы шешуді қамтамасыз ету оңтайланады деп көрсетеді. Екіншіден, ол қойылған мақсаттарға қол жеткізу ағымдағы оқу жоспарында сыныптық іс-шараларға бөлінген уақыттан асырмай, артық жұмыс жасау фактілеріне жол бермей, оқушылар мен мұғалімдердің үй сабақтары үшін мектеп және еңбек гигиенасы белгілеген уақыт нормаларынан асырмай жұмыс істеу керек екенін басты критерийлер ретінде ұсынған. Алайда А.Қыраубаева білім беру процесінде Ю.К. Бабанский ұсынған алгоритмді зерделей отырып, апробация мерзімінде барынша жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін жағдаятқа бейімдейтін, арнайы әзірленген нақты да жүйелі әдістеме керек екенін түсінді және оны өз авторлық жұмыс бағыты ретінде жоспарлап, жасап шықты. Оның өзіндік ерекшеліктері мен білім мазмұнына А.Қыраубаеваның мектеп ашу кезеңіндегі тарихи, қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар әсер еткені даусыз. Ю. Бабанский ұсынған төрт кезеңдік алгоритммен салыстыра қарасақ, жұмыс бағыттарындағы өзгешеліктерді келесі кестеде айқын көруге болады.

2-кесте – Ю.К. Бабанский мен А. Қыраубаева ұсынған жұмыс жүйесін салыстыру кестесі

Ю.К. Бабанский ұсынған алгоритмі	А. Қыраубаеваның жұмыс жүйесі
I кезең. Оқу мақсаттарын жобалау. Орындалатын әрекеттер:	
1. Сол кезеңдегі мектеп жұмысына қажетті мемлекеттік бағдарлама, құжаттарда тұжырымдалған білім беру, тәрбиелеу, дамыту міндеттерінің кешенімен танысу. 2. Оқу жағдайын бағалау және зерделеу: мектептен тыс, мектепшілік, аудиториялық т.б. 3. Оқушы мен мұғалімнің нақты білім беру мүмкіндіктерін зерттеу және бағалау (сынып ұжымын не жекелеген оқушылар) 4. Оқушылардың жағдайлары мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқу мақсаттарын нақтылау. 5. Білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін бөліп көрсету. 6. сыныптағы оқушы топтарына қатысты тапсырманы олардың оқу даярлығына қарай саралау, тәрбиелеу, дамыту ықпалын анықтау.	1. Егемендік алғаннан соң мектептерде басшылыққа алынып отырған мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттар кешенімен танысу, инновацияны ендіру бағыттарын жоспарлау. 2. Тұлғаға бағдар беретін мүмкіндіктер бағамын зерттеу, оқу мен оқыту жағдайын зерттеу және бағалау: мектептен тыс, мектепшілік, аудиториялық т.б. Оқушы сұранысына байланысты өзгерту мүмкіндігін ойластыруға болады. 3. Оқушыларға жайлы орта қалыптастыру, нақты білім беру мен өмірге қажетті тәжірибелерді жинақтау мақсатында мұғалім зертханасын іске қосу. 4. Оқу мақсаттарын оқушы болмысына қарай құрастыру, үш нұсқалы сабақ жоспары. 5. Білім беру, тәрбиелеу, дамыту міндеттерін өмірге қажетті дағдылар қалыптастыру мақсатында нақтылау 6. Сыныптағы оқушылардың жеке қабілетіне, ерекшелігіне қарай тапсырмаларды саралау, өзіндік ізденісіне қолдау көрсету.

Ю.К. Бабанский ұсынған алгоритмі	А. Қыраубаеваның жұмыс жүйесі
II кезең. Оқыту мәселесін шешуде ең ұтымды нұсқаны таңдау. Орындалатын әрекеттер:	II кезең. Апробация кезеңіндегі мәселені шешудің ең тиімді нұсқасын таңдау. Орындалатын әрекеттер:
<p>1.Нақтыланған жағдайда қойылған міндеттерді шешуде оқытудың мазмұнын, әдістерін, құралдарын, формаларын және де дамудың ықтимал нұсқаларын салыстырмалы бақылау: тақырып бойынша әдістемелік ұсыныстармен танысу, озық педагогикалық тәжірибелерді жанарту, оқыту тәжірибесі.</p> <p>2. Таңдау жасау кезіндегі нұсқалар санын екіге дейін қысқарту.</p> <p>3.Таңдау туралы дұрыс шешім қабылдау: тақырып бойынша сабақ жүйесі, сабақтың түрі, құрылымы, мазмұны, негізгі элементтері, оқыту әдістері, құралдары, сыныптық, топтық, жеке формалардың үйлесімі, оқу жылдамдығы.</p> <p>4. Сыныптағы оқушыларды оқытуда жеке топтардағы сараланған шараларды таңдау: тапсырмалар, үлгерімі төмен оқушыларға қолдау көрсету бойынша сараланған жұмыстар.</p>	<p>1.Апробация жағдайындағы міндеттерді шешу үшін оқыту мазмұнын, әдістерін, құралдарын, ұйымдастыру формаларына өзгеріс енгізу және соған оқушыларды бейімдеу,мұғалімнің қолдау көрсетуі: сауалнама, тест тапсырмалары, бейімделу шаралары, жеке зерттеулер т.б.</p> <p>2.Нақты болу мақсатындаұлттық тағылым идеясының жұмыс бағытын тек бір үлгіге негіздеу.</p> <p>3.Таңдау жасағанда оқушы қабылдауы мен даралығын ескеру қажет: тақырып бойынша сабақтар жүйесі, сабақтың құрылымы мен түрі, негізгі элементтері, оқуытудағы әдістер мен құралдар, жалпы сыныптағы топтық не жекелік үйлесім формасы, оқу жылдамдығы.</p> <p>4.Сыныптағы оқушыларды оқытуда жекелеген топтардағы әр оқушының мүмкіндігін ескеру, балдық жүйені ескере отырып таңдау: сараланған тапсырмалар легі, үлгерімі төмен оқушыларға көмек қолын созудағы сараланған шаралар.</p>
III кезең. Таңдалған оқыту нұсқасын жүзеге асыру	
<p>Тапсырмаларды және оларды оқушылар қалай қабылдайтынын қамтамасыз ету, оқушылардың оқу әрекетін ынталандыру, оқушылардың іс-әрекетіндегі белсенділік пен дербестіктің ең жоғары деңгейін ұйымдастыру, оқу жұмысын тиімді ұйымдастыру, дағдыларды қалыптастыру, мониторинг жүргізу және де оқыту әдістеріне керек болса түзетулер енгізу.</p> <p>Бұл кезеңде оқушылар:</p> <p>Оқу мақсаттарын қабылдайды, оқыту мотивтерін біледі, тапсырмаларды орындауда және оқудың міндеттеріне шешуде барынша мүмкін болатын белсенділік пен дербестік бейнесі, өзінің іс-әрекетін оқыту жағдайына байланысты өзгерту, ұйымдастыру, оқу қызметін реттеу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі реттеу.</p>	<p>Аталған кезеңді іске асыру барысында оқушылардың қабылдау ерекшелігін ескеру, қабылетін аша алу, дамыту мүмкіндігін қамтамасыз ету; сынып оқушыларын зерделей отырып оқу әрекетіне ынталандыру; оқушылардың іс-әрекетін олардың жеке дара белсенділігін, дербес әрекетін ұйымдастыру; оқу жұмысын жаңаша идеялармен мағыналы, тиімді ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру, мониторинг және оқыту әдістерін жетілдіру.</p> <p>Оқушының әрекеті мен белсенділігі, жан-жақты ізденісі, өзін бағалай алуы, өзгелердің еңбегін бағалауы, өз білімін әркез жетілдіріп отыру, қолдау көрсету.</p>
IV кезең. Оқыту нәтижесін талдау, бөлінген уақыты мен күші, құрал шығындарын есепке алу. Осы кезеңдегі орындалатын әрекеттер	IV кезең. Апробация кезеңдеріндегі нәтижені талдау. Бұл кезеңде орындалатын әрекеттер:
<p>1. Алынған нәтижелерді мәселелердің ұтымды шешілу деңгейімен салыстыру</p> <p>2. Сыныпта және үйде орындалатын тапсырмаларды орындауға бөлінген уақыт, күш, құралдарды тиімді стандарт деңгейімен қарастыру қажет.</p> <p>3. Оқушыларды аталған мәселелер бойынша өзіндік талдауға тарту.</p> <p>4. Нәтижелерден ықтимал ауатқу болған жағдайлардың себеін анықтау. Оқушылардың оқу барысында артта қалу себептерін саралар, талдау, жеткіліксіз болған білім мен дамытудың себептерін анықтау.</p> <p>5. Оқышулырға білім беруде, тәрбиелеуде, дамытуда кездесетін кемшіліктерді жою. Оқу жағдайын жақсарту мақсатындағы қажеттіліктерді ескеру, оқытудың жаңа цикліне қосымша тапсырмалар дайындау.</p>	<p>1.Алынған нәтижелерді талдау арқылы күтілетін нәтижеге қол жеткізу бағытын айқындау.</p> <p>2.Белгіленген кезеңдегі жоспарлы істер, орындай алы қарқынын және де қаржылай шығындарды қарастыру, мүмкіндіктерін реттеу.</p> <p>3.Мектептегі жасалынған жұмыстар мен оқу нәтижелерін оқушылармен талқылау, өмірге керекті дағдыларды анықтау, білімдерді меңгеру кезіндегі белсенділікке деген көзқарасты анықтау, нәтиже бойынша өзіндік бақылау жүргізу, өзіндік бағлау машықтарын қалыптастыру.</p> <p>4.Оқушылардың жеткен жетістіктеріне қол жеткізу себебін анықтау, ынталандыру сондай ақ жаңа мүмкіндіктерге жол көрсету жұмыстарын жетілдіру.</p> <p>5.Апробацияның әр кезеңіне байланысты жоспарлы жұмыстар есебін даярлау.</p>

Профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық ұстанымы – оқушылардың дара тұлғасына тән өзіндік ерекшеліктері мен қабілеттерін көре білу, тани алу, бағалау және дамыту. Сол себепті ұстаз, ең алдымен, оқушыны жан-жақты зерттеуді қалайды. Біздің мектептер – білім берумен бірге әрі ақпараттық мектептер. Баланың жан дүниесіне үңілетін, перзенттің өмірге келуінің өзін ғажайып құбылыс екенін түсіндіретін, адам ретінде сыйластықты, қарым-қатынасты алдыңғы орынға қоятын мектептер. Бірінші орында баланың талап-тілегі тұратын болса, мектеп бала үшін қызмет етсе, жақсы мектеп – сол дер едік деген тәрізді пікірін айта отырып, педагог-ғалым оны іске асырудың түрлі әдіс-тәсілдерін ұсынады. «Танымайтын оқушыларға хат жазу арқылы ой тудыру, кездесу болғанға дейін оқушының ойында қызығушылықтар мен неше түрлі сұрақтар туындатып, үзіліс барысында «Үшбу хат» жазу немесе «Лездеме тақтаға» оқушылар туралы жақсы пікірлер қалдыру». Профессор бұл мұғалім мен оқушы арасында байланысты нығайтатын әдіс болып табылады деп түйіндейді.

Қорытынды

Ғалым педагог сол уақыттағы қиындықтарға қарамастан, апробацияны толығымен аяқтап, мектеп басқаруда шәкірттерді тұлға деңгейінде танытуды көздеп, педагогтың кәсіби шеберлігі мен шығармашылық деңгейінің жаңаша қырларын ашуда жаңа қадам жасап, қазақ педагогикасына зор үлес қосты. Дәстүрлі педагогика теориясының үдерістерін алға дамытып, білім жүйесін меңгерту мен бағалауда тың нәтиже беретін ұстанымдарды пайдаланудың маңызды екенін дәлелдеді. Сонымен қатар оқушы мен мұғалім арасындағы жағдайларда адамгершілік ұстанымдарының дәрежесін анықтап, тәрбие берудегі ең ұтымды бағыт ұлттық құндылықтарға негізделген тәлім – тәрбие екендігіне көз жеткізді. Осыған байланысты мектеп тәжірибесін да-

йындап, қоғам назарына ұсынды (Қыраубаева, 1998).

Жер жаһанды жайлаған ақпараттық соғыс дәуірінде елдің ертеңіне жалғыз жолашар – ұлттық рух. Мағжанның «Педагогикасында»: «Балаға тәрбие бергенде әрбір тәрбиешінің алдымен қолданатын жолы – өз тәжірибесі және ұлт тәрбиесі» деп берілген (Жұмабаев, 2022).

«Біз мектебіміздің тұжырымдамасын жасағанда, жеке бір баланың мектепке кірген күнінен бітіріп шыққанға дейінгі жан дүниесін, болмысын, тұлғасын елестеттік» дейді ғалым-педагог Алма Қыраубаева, «Осы тұлға кім, қандай болып шығуы керек: ұлтжанды, иманды, мәдениетті, білімді, өмірге икемді, рухани дамыған адам, кісілік тұлға». Ал кісілік тұлғаны қалыптастыру үшін не істейміз деген сұраққа педагог «Кісіліктің негізі ұлттық мәдениетте», – деп тұжырымдаған болатын: «Бізде «ұлттық банк», «ұлттық қор» деген терминдер бар болса, «Ұлттық мектеп» деген неге болмауы тиісті? Қазақстан өзінің ұлттық мектебінің бағдарламасын анықтамаса, ұлттық идеология да болмайды» деп ғылым-педагог Алма Қыраубаева батыл пікір білдіреді (Қыраубаева, 2011: 181). Ғалымның ұлттық мектеп моделін ұсынуға қадам жасауы нағыз педагогтік патриотизм екендігі сөзсіз.

Профессор Алма Қыраубаева – қоғамдағы «Бұл бізде бар», «Мектеп онсыз да бала үшін жұмыс істейді» немесе «Ұлттық құндылықтар ескірді, біз әлемдік деңгейде дамуды таңдауымыз керек» сынды қарсы пікірлерге ісімен жауап бере білген ғалым. Олай дейтіміз, ол оқушыны дара тұлға, «қазақ құбылысы» ретінде тәрбиелейтін жаңа ұлттық мектеп жүйесін құра білді. Екіншіден, білім беру мен тәрбиелеудің жаңа формаларын ұсынды, сондай ақ жаңаша ойлайтын шебер педагог моделін көрсетті. Үшіншіден, шәкіртті «дара, жеке тұлға» ретінде тану моделін тәжірибе арқылы дәлелдеді. Төртіншіден, өзінің жаңашыл идеяларын батыл түрде жүзеге асырып, шебер әдіскер екенін көрсетті. Ол – өзінің саналы ғұмырын ұлт ұрпағына арнаған ғалым.

References

- Qyraubaeva, A. (1999). Ultqa ulttyq mektep qajet [The nation needs a national school]. Astana aqshamy. (In Kazakh)
- Qyraubaeva, A. (2012). Myngiyldyq jolaushy. 5 tomdyq shygarmalar jinagy. Almaty. “Oner”. (In Kazakh)
- Baitursynuly, A. (2001). Ulttyng uly ustazy [The Great Teacher of the nation]. Almaty. (In Kazakh)
- Qyraýbaeva, A. (2011). Janym sadaǵa [I will give my soul]. Almaty. Oner. (In Kazakh)
- Jumabaev, M. (2022). Pedagogika [Pedagogy]. Almaty. “Marfu Press” baspasy. (In Kazakh)
- Aймауытов, J. (1926). Jan juesi jane onerdi tangdau [The soul system and the choice of art]. Moscow. (In Kazakh)
- Montessori, M. (2012). The Montessori Method. [Electronic resource]. URL: https://www.montessoriseeds.com/uploads/1/2/9/0/129029854/the_montessori_method.pdf?utm_source=chatgpt.com

Steiner, R. (1919). Practical Course for Teachers GA 294 V. Writing and Reading-Spelling. [Electronic resource]. URL: <https://rsarchive.org/Lectures/GA294/English/RSPC1937/19190826n01.html>

Dewey, J. (1907). "The School and Social Progress" Chapter 1 in The School and Society. Chicago. University of Chicago Press, P. 19-44. [Electronic resource]. URL: https://brocku.ca/MeadProject/Dewey/Dewey_1907/Dewey_1907a.html

Orazbaeva, F.Sh. (2023). Jurek pen oidynг ustanymy [Position of heart and thought]. Ana tili. Ult gazetі. Iss. 13(1689). (In Kazakh)

Tondeur, J., Braak van J., Peggy A. (2017). Ertmer and Anne Ottenbreit-Leftwich. Educational Technology Research and Development Understanding the relationship between teachers' pedagogical beliefs and technology use in education: a systematic review of qualitative evidence. Vol. 65, Iss. 3, P. 555-575. [Electronic resource]. URL: <https://www.jstor.org/stable/45018567>

Qyraubaeva, A., Qasymbek, A., Matbek, N. (2020). Pandi oqytudagy zamanau izdenister: tehnologіa jane jangashyldyq: Oqu quraly [Modern research in teaching the discipline: Technology and innovation: Training manual]. Almaty. Qazaq universiteti. (In Kazakh)

Qasymbek, A. (2022). Alma Qyraubaeva – jangashyl pedagog [Alma Kyraubaeva is an innovative teacher]. Profesor A.Qyraubaeva: ustazdyq ulagaty men gylymy murasy: respublikalyq gylymi-teorialyq konferensya materialdary. [Professor A. Kyraubaeva: teaching and heritage of science: materials of the Republican scientific and theoretical conference]. Almaty. (In Kazakh)

Orazbaeva, F.Sh. (2017). "Jastardy ulttyq ruhanı mura negizinde tarbieleuding ozekti maseleleri" aty A.Qyraubaevanyng 70 jyldygyна arналган gylymi-tajiribelik konferensiasy. [Materials of the scientific and practical conference "Actual problems of educating young people on the basis of national spiritual heritage" dedicated to the 70th anniversary of A. Kyraubaeva]. Almaty.

Babanskii U.K. (1989). Izbrannye pedagogicheskie trudy [Selected pedagogical works]. Akad. ped. nauk SSSR [Academy of Pedagogical Sciences of the USSR]. Moscow. Pedagogika. (In Russian)

Qyraubaeva, A. (1998). Ulttyq mekteptiń modelin jasau masesine kozqaras [Approach to the problem of creating a model of a National School]. Etnopedagogika-etnopsihologіa masesine arналган konferensya materialdary [Materials of the conference on the problem of ethnopedagogy-ethnopsychology]. Almaty. Qazaq universiteti. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Оразбаева Фаузия Шамсиевна – ҚР ҰҒА Академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: f_orazbaeva@mail.ru);

Кумисбекова Жазира Науатбековна – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: kumiszh@mail.ru).

Information about the authors:

Orazbaeva Fauziya – Academician of NAS RK, doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: f_orazbaeva@mail.ru);

Kumisbekova Zhazira – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kumiszh@mail.ru).

Сведения об авторах:

Оразбаева Фаузия Шамсиевна – Академик НАН РК, доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан, e-mail: f_orazbaeva@mail.ru);

Кумисбекова Жазира Науатбековна – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан, e-mail: kumiszh@mail.ru).

*Келіп түсті: 24 ақпан 2025 жыл
Қабылданды: 1 наурыз 2025 жыл*